

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ МӘРТЕБЕСІНІҢ ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕРІ

¹Б.М.Сатершинов, ¹Л.Н.Тоқтарбекова, ²А.Т.Әбдіраманова

АҢДАТПА

Әлемнің әртүрлі елдерінде тарихтың әрқилы кезеңдерінде әйелге деген қатынастың өзіндік ерекшеліктері болды. Жалпы әйелдің физиологиялық бітімі мен болмысынан бастап оның қоғам мен саясаттағы, мораль мен құқықтағы, білім мен ғылымдағы, мәдениет пен өнердегі, тұрмыс пен отбасындағы орны мен мәртебесі мәселелері қай кезеңде болмасын өзектілігін жойған емес. Бұл мәселенің астарынан сакралдылық пен кәдуілгіліктің, діндарлық пен зайырлылықтың, матриархат пен патриархаттың диалектикасын байқауға болады. Адамзат тарихының ежелгі және ортағасырлық кезеңдеріндегі «ер адам» қоғамында консервативті үрдістердің мызғымас үстемдігі болса, кейінгі жүзжылдықтарда феминистік қозғалыстар пайда болып, гендерлік мәселе жаңа қырынан қойыла бастады. Гендерлік тақырыптың көтерілуіне әлемдегі жалпы гуманитарландыру мен демократияландыру процестері үлкен ықпал еткені даусыз. Ал қазіргі жаппай цифрландыру жағдайындағы жаһандық ақпараттық қоғамда әйелдің киген киімінен бастап оның еркіндігіне дейінгі мәселелер жаңа қырынан қарастырылуда.

Бұл жаһандық өзгерістерден қазақ қоғамы да тыс қала алмайды. Әйел мәртебесіне деген көзқарас дәстүрлі және ислами түсінікпен қатар, заманауи зайырлы түсіндірмелердің арасында, ұлттық гомогенді және плюралистік гетерогенді интерпретациялардың арасында құбылып отыр. Сондықтан гендерлік мәселенің жаңа әлеуметтік қырлары гуманитарлық ғылымдар тарапынан, оның ішінде дінтану және исламтану тарапынан зерттеуге деген қызығушылық тудыруда.

Түйін сөздер: әйел статусы, гендер, дін, ислам, құқық, отбасы, феминизм.

Традиционные и современные тенденции статуса женщины в казахском обществе

Аннотация. В разных странах мира, в разные периоды истории отношение к женщинам имело свои особенности. В целом проблемы места и статуса женщины в обществе и политике, морали и права, образования и науки, культуры и искусства, быта и семьи не теряли своей актуальности ни в один период, начиная с физиологического состояния и природы женщины. В основе этой проблемы можно наблюдать диалектику сакральности и секуляризма, религиозности и секуляризма, матриархата и патриархата. Если в «мужском» обществе в древний и средневековый периоды человеческой истории преобладали консервативные тенденции, то в последующие столетия появились феминистские движения, и гендерный вопрос стал представляться в новом свете. Нет сомнения, что общие процессы гуманизации и демократизации в мире во многом способствовали подъему гендерной темы. А в глобальном информационном обществе в нынешнем состоянии массовой цифровизации вопросы от одежды, которую носит женщина, до ее свободы рассматриваются с новой точки зрения.

Казахское общество не может остаться в стороне от этих глобальных изменений. Отношение к статусу женщин колеблется между традиционными и исламскими интерпретациями, современными светскими интерпретациями, национально однородными и плюрали-

¹ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан

²Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

Автор-корреспондент:

Тоқтарбекова Л.Н.,
lauratoktarbekova@gmail.com

Мақаланың сілтемесі:

Сатершинов Б.М.,
Тоқтарбекова Л.Н.,
Әбдіраманова А.Т.
Қазақ қоғамындағы әйел мәртебесінің дәстүрлі және заманауи үрдістері // Адам әлемі. – 2024. – № 3 (101). – Б. 184-193.

стическими гетерогенными интерпретациями. Именно поэтому новые социальные аспекты гендерной проблемы вызывают интерес к исследованиям со стороны гуманитарных наук, в том числе религиоведения и исламоведения.

Ключевые слова: статус женщины, гендер, религия, ислам, право, семья, феминизм.

Traditional and Modern Trends of the Status of Women in Kazakh Society

Annotation. In different countries of the world, in different periods of history, the attitude towards women had its own characteristics. In general, the problems of a woman's place and status in society and politics, morality and law, education and science, culture and art, life and family have not lost their relevance in any period, starting from the physiological state and nature of a woman. Underlying this issue, one can observe the dialectics of sacredness and secularism, religiosity and secularism, matriarchy and patriarchy. If in the «male» society in the ancient and medieval periods of human history, conservative trends prevailed, then in the following centuries, feminist movements appeared, and the gender issue began to be presented in a new light. There is no doubt that the general humanization and democratization processes in the world greatly contributed to the rise of the gender topic. And in the global information society in the current state of mass digitization, issues from the clothes a woman wears to her freedom are being considered from a new perspective.

Kazakh society cannot stay out of these global changes. The attitude towards the status of women fluctuates between traditional and Islamic interpretations, modern secular interpretations, nationally homogeneous and pluralistic heterogeneous interpretations. That is why the new social aspects of the gender issue are causing interest in research from the humanities, including religious studies and Islamic studies.

Key words: Status of Women, Gender, Religion, Islam, Law, Family, Feminism.

Кіріспе

Бүгінгі күні қоғам мен отбасындағы әйелдің мәртебесі мен құқығы, орны мен рөлі туралы, әйел мен еркектің арақатынасы туралы мәселелер әртүрлі әлеуметтік желілермен қатар биік саяси мінберлерде әр қырынан талдануда. Алысқа бармай-ақ, Қазақстанда соңғы кездері біржыныстылық пен ЛГБТ, әйелдер коучингі, тұрмыс пен отбасындағы зорлық-зомбылық туралы қызу пікірталас, тіпті соңы өлімге дейін барған жоғары санатты шенеуніктердің өрескел әрекетіне қатысты сот процестері және т.б. бұл мәселенің өткір өзектілігін айқындайды. Әрине, осы уақытқа дейін әлемнің әр түкпірінде әйелдің жағдайы төмен болып келсе, енді бұл ахуал өзгеруде, әйелдер құқығы мен еркінің либерализациясы есебінен еркектер үстемдігінің бұрыңғы қарқыны кеміді, консервативті көзқарас басым болып келетін дүниетанымның көнеден келе жатқан еркек пен әйел бір біріне қарсы қойылатын әдеті келмеске кетіп, бүгінгі көпкелбеттілік ахуалында адамның жынысынан бұрын әлеуметтік мәртебесі ескерілетін гендерлік ілім алдыңғы орынға шықты. Гендерлік тепе-теңдікке деген ұмтылыс қарқын алғанымен, адам құқығын аяққа таптайтын айғақтар да кездесіп жатыр.

Соңғы онжылдықтар ішінде Қазақстан Республикасы да дербес демократиялық ел ретінде әрбір жыныс өкілдерінің құқығын қорғауды қамтамасыз ету турасындағы біршама еларалық нормаларға қосылды. Адам бостандықтары жөніндегі шамамен алпысқа тарта шарттарды растады: 1998 жылы біздің ел БҰҰ-ның қатындарға қатысты дискриминацияның кез келген түріне жол бермеу конвенциясына қосылды, «Қыз-келіншектердің саяси қақылары жөнінде» және «Тұмысқа шыққан келіншектердің азаматтығы туралы» конвенцияларды қуаттады, әйел мен еркектердің бірегейлігін дәріптеу, әйел-қыздардың бостандықтары мен еркіндіктерін ұлғайту 3-мыңжылдықтағы адам өркендеуінің басты мақсаты ретінде айқындалған Біріккен Ұлттар Ұйымының мыңжылдық декларациясына (2000 ж.) үн қосты.

Ал өз елімізде екі мың төртінші жылдың сентябрь айында Елордада өткен отанымыз нәзік жандыларының Жиынында Елбасы Жанұя және әйел жұмыстары туралы ұлттық комиссияға ҚР Жыныстық теңдік стратегиясын дайындап, оның әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси қызметтегі жұмысының басты бағыттарын айқын анықтау, нәзік жандыларға бірдей

ықтималдықтарды беру мақсатында ісшаралар кешенін уақытына сай дайындау қажеттігін табыстады. Президенттің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 жарлығымен ҚР Гендерлік саясат концепциясы қабылданды [1]. Бұл құжатта жыныстық саясаттың басты бағыттары - еркектер мен қыз-келіншектердің билік құрылымдарына тең араласуына жету, әйелдердің шаруашылық дербестігі, өз кәсібін өркендетуі мен карьера сатыларын игеруіне бөгет болмау, жанұясындағы еркіндіктер мен парыздардың бірдей іске асуына шарт жасау, жыныс белгісіне қарай қорлық көруден ада болу – анықталды.

Осыған орай, бұл саясат қазақ халқының дәстүрлі жыныстық салт-санасына, ұлттың қаны мен жанына сіңген гендерлік әдетіне, дін мен ділдің өлшемдеріне, қазіргі заманға сай жаңғыртылуы тиіс ұлттық код пен идеяның өзегіне сіңіп кете алады ма деген мәселе туындайды. Бұл сұрақты дінтанулық тұрғыдан қарастырудың маңызы зор, өйткені әйел мәртебесін теориялық әрі теологиялық қырынан сараптау көкейдегі көптеген сұрақтардың шешімін іздестіруге жол ашады.

Әдіснама

Мақалада қазақ қоғамындағы әйел мәртебесінің дәстүрлі және заманауи үрдістері және оларды қазіргі қазақстандық қоғамда көрінісін ашуға мүмкіндік беретін жалпы ғылыми және пәнаралық сипаттағы әдіснама пайдаланылды. Сонымен қатар, исламға дейінгі қазақ қоғамындағы әйел бейнесінің тарихи қалыптасуын дінтанулық қырынан анықтау үшін қазақ халқының дәстүрлі кезеңіндегі салт-сана мен әдет-ғұрыптарға талдау жасалды. Сондай-ақ жалпы философиялық, исламтану және дінтану әдістері қолданылды.

Қазақтың дәстүрлі қоғамындағы әйел жағдайы

Әлемдегі өзге де дүниетанымдық және діни жүйелермен салыстыра отырып, исламға дейінгі қазақ қоғамындағы әйел бейнесінің тарихи қалыптасуын

дінтанулық қырынан анықтау үшін қазақ халқының дәстүрлі кезеңіндегі салт-сана мен әдет-ғұрыптарды талдау қажет болады. Қазақтың түпкі санасындағы гендерлік мәннің іздерін айқындау бізді қола және алғашқы темір дәуіріндегі сақтардан бастап, ортағасырлық түркі тайпалар мен қазақтардың теологиялық сенімдеріне, оның ішінде шамандық пен тәңірішілдік дүниетанымға қарай жетелейді.

Қазақ халқының дәстүрлі қоғамы бірнеше мың жылдық тарихы бар көшпелі өркениетке негізделгендіктен оның эволюциясы жоғарыда аталғандай, сақ, ғұн, үйсін бірлестіктерінен бастап медиевистикада танымал түркі-моңғол тайпаларында жалғасып, жиырмамыңша ғасырдағы қазақ қоғамына дейін созылады. Бұл халықтардың аңыздық, теологиялық және фәлсапалық дүниетүсініктерінен, олардағы әйел образының қадірленуінен рухани бір жалғастықты сезуге болады.

Көне түркі халықтарының аңыз әпсаналары толығымен зерттелді деп айта алмаймыз. Әрине, үнемі ауызекі тілде таралып келген фольклорлық бай материалды тұңғыш рет XIX ғасырда жазбаша қағазға түсіріп, оған ғылыми талдау жасаған жаңазамандық қазақ ағартушысы Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов болатын. Онымен замандас бурят зерттеушісі Д.Банзаровтың «Қара дін немесе моңғолдағы шамандық» [2] атты шығармасы мен Ш.Уәлихановтың «Қазақтағы шамандықтың қалдығы» [3, 469 б.] атты талдау еңбегін аталмыш бағытты зерттеудің бастамасы ретінде қарастыруға болады. Жалпы түрік-моңғол тілдес халықтардың мифологиялық мәтіндеріндегі әйел бейнесін қарастырған зерттеушілердің қатарына мыналарды жатқызуға болады: қытайлық қазақ ғалымы Н. Мыңжанұлы «Қазақтың мифтік аңыздары» [4], түркиялық зерттеуші М.Ергун «Түрік дүниесі мифологиясындағы құбылу сарындары» [5], М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкерлері Ш.Ыбыраев, П.Әуесбаеваның «Қазақтың мифтік әңгімелері» [6] атты зерттеулер.

Зерттеушілердің еңбектерінде әртүрлі қауымдардың, оның ішінде қазақ халқының мифологиясында әлемдік

үлгілермен ұқсастығы аңғарылады. Культурология ғылымында структурализм деген бағыттың бар екендігі белгілі, оның көрнекті өкілі Клод Леви-Стросстың еңбектерінде бар халықтың мәдениеттеріндегі құрылымдық байланыс сипатталады. Айталық, көне гректердің аңызындағы Циклоп пен қазақ халқындағы Төбекөз жөніндегі әпсаналардан сюжеттік те, формалық та ұқсастықты аңғаруға болады. «Ертөстік», «Керқұла атты Кендебай», «Қара мерген» сияқты аңыздар мейлінше ежелгі замандарда орныққан. Өйткені оларда синкреттік дүниетүсінік басым. өте көне дәуірде пайда болған. Орталық Азия халықтарында әйел мәртебесінің жоғары болғандығы, олардың ел басқару мен әскери іске белсене араласқаны Еуропа халықтарында «амазонкалар» туралы әпсананы тудырды. Заманында дәуірлеп тұрған парсының Кир патшасына оңдырмай соққы берген Тұмар Томирис, Зарина сынды ханшалардың ерлігі ел жадында мәңгі сақталып қалған. Одан кейінгі фольклордан, мысалы, «Оғыз елінің жеті сұлуы», «Қырық қыз», «Қозы Көрпеш Баян сұлу», берідегі «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» жырларынан әйел бейнесінің әдемі үлгілері сомдалған. Сонымен қатар, эпостық жырлардағы Алпамыстың жұбайы Гүлбаршыннан, Қобыландының жұбайы Құртқадан, Ер Тарғынның жұбайы Ақжүністен, Қамбар батырдың жары Назымнан, олардың ойы мен бойынан еріне деген адалдықпен қатар ар мен әдеп, сұлулық пен батырлық байқалады.

Орталықазиялық түркі тілдес халықтардың жырларында әйелдің қадірлі мәртебеде екендігі «Ұлы Ана», «Ақ Ана» атауларынан, тайпа, ру анасы культтерінен көрінеді. Егер көне түркілерде Ұмай ана культі болса, әйел құдайдың басқа да аналогиясын әрқилы мәдениеттерден көрінеді, мысалы, вавилондықтарда Иштар, гректерде Афина, парсыларда Митра, мысырлықтарда Исида. Түркі дүниетанымында бақсылық жүйе маңызды орын алады. Ал қазақтар киелі бақсы - Қорқыт ата. Аңыз бойынша, Қорқыттың түсіне «өлім аяны» кіріп, жер бетінде өлімнен құтылудың жолы жоқ екендігіне көзі жетеді. Қорқыт ата

туралы аңызда қыз баласына деген оның аялы қатынасы қобызда орындалатын «Башпай» күйінен көрініс тапқан. «Түркі мифологиясындағы әйел бейнесі қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы әйел болмысының алғышарты, іргетасы деп айтуға болады. Қазақ ертегі, жыр-аңыздарындағы әйел бейнесінің қалыптасуын басқа халықтар мифологиясымен салыстыра қарасақ, мифтік кезеңде әйелдің құрметті орында болғанын байқаймыз. Осы аңыздар арқылы бүкіл қазақ дәстүрлі қоғамындағы гендерлік қатынастар туралы ой түюге, қоғамдағы әйел орнының қаншалықты жоғары деңгейде болғандығы, ақылдың, сөз өнерінің, батырлық, ерліктің қаншалықты бағаланғанын көруге болады» [7].

Қазақтың дәстүрлі дүниетанымдық жүйесін белгілі тарихшы Сәбетқазы Ақатаев синкретті болған деп қарастырады. Демек қазақ жеріне ислам діні келгенге дейін де өзіндік дүниетанымдық жүйелер болды. Бірақ бұл дінді соғыссыз, зорлықсыз бейбіт қабылдау үшін де олардың арасында өзекті бір байланыстар болуы керек. «Бұл процесс екіжақты болды. Тәңірі мен киелі аруақтар мұсылмандық мазмұнға ие бола бастады (Көк Тәңірі Аллаға, аруақтар пірлер мен машайықтарға, ескі демондар (албасты, жезтырнақ, обыр т.б.) ислам түсінігіндегі жын-шайтандарға айналды. Бұл өте бір күрделі және жан-жақты мәдени құбылыс. Өтпелі мәдени кейіпкерлердің (генотеистік және исламдық қасиеттері аралас) рухани мәдениетте басым типтік күш ретінде бейнеленгенінің талай деректерін діни текстерден және фольклордан келтіруге болады. Тіпті бақсылықтың өзі қазақ мәдениетінің кеңістігінде исламның элементі болып кетті» [8, 167-168 бб.]. Мұсылман діні мен тәңірішілдіктің де монотеистік негіздері болғандықтан ислам құндылықтары жергілікті халықтың бойына оңай сіңірілді.

Орталықазиялық көшпенді қоғамдардағы әйелдің жағдайы ежелгі заманнан бері әдеттік негіздегі Дала заңдары, кейіннен әйел мәртебесін лайықты орнына көтерген исламдық негіздегі шариат реттеліп отырған. Дәстүрлі қазақ қоғамында бұл Шыңғыс ханның

құрастырған «Жасағы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» атты нызамдардан көрінеді.

Ислами құндылықтар және әйел мәртебесі. Бірнеше ғасырдан бері ислам құндылықтары, әдеті мен фикһы қазақ халқының салты мен санасына сіңіп кетті. Десекте, ислам дініндегі әйелдің құқықтарына қатысты либералдық құндылықтар үстемдік алған христиандық Батыста жалаң таптауырындар бар екені бегілі. Мұсылман дінінде әйелдердің ер кісіден кейін орналасуы, имамдыққа шықпауы, қымтанып жүруі, бірнеше әйел алуға рұқсат беруі, қыз баланың жастай атастырылуы, кейбір мұсылман елдерінде әйелдердің сүндеттелуі, мешітке кіргізілмеуі, білім алудан жұмыс істеуден шеттетілуі және т.б. әйел құқығының шектеліп, дискриминацияның орын алуы ретінде түсіндіріледі. Алайда мәселенің физиологиялық (исламда әйелдер менструалды және жүктілік кезінде ғибадаттардан босатылады, көңілді бұзбау үшін ерлер арасында алдыға шықпайды, дауыстап оқымайды және т.б.), психологиялық (қыздар ерте бойжетіледі, табиғи сезімталдығы басым болады, сұқ көзден сақтану үшін қымтанады және т.б.) және әлеуметтік астарлары (ортағасырлық қоғамда ерлердің үлес салмағы аз болды, отбасын асырау ер адамдардың мойнында болды, әйелдер қазіргідей жұмыс істеп, отбасылық қаражат таппайтын) ескерілмейді.

«Ал негізінде Батыс әлемінде ХІХ ғасырға дейін «әйел теңдігі» деген ұғым болған, бертінге дейін «әйелдің дауыс беруге құқы бар ма, жоқ па?» деген мәселе үлкен мінберлерде айтыс-тартысқа түсті. Капитализмге өту сатысында да Батыста әйел мен баланың еңбегі қаналды, олардың құқықтары аяққа тапталды. Батыстық өркениетте демократиялық үдерістердің орнығуы барысында феминизм күшейіп, мұсылман қоғамдарындағы әйелдердің жағдайын сынау басталды. Дегенмен, исламның патриархалды және фаллоцентристік сипаттағы дәстүрлі қоғамды реформалап, гендерлік

құрылымды адамшылдық жағына қарай бағыттағанын мұсылман ойшылдарынан өзге Батыс ғалымдары да мойындауда. Мысалы, Джон Эспозито исламның әйелдердің құқығын еуропалықтардан анағұрлым бұрын бекітіп, олардың жағдайын жақсартқанын айтады» [9, 167-168 бб.].

Қазақтың дәстүрлі қоғамындағы исламды заманауи тұрғыда қайта оқып, түсіндіру үшін ондағы әйелдердің жағдайына көңіл бөліп, оны ханафилік сүннеттік пайымдағы исламға ерекше тоқталу керек. Қазақ халқы өз еркімен және ақылмен қабылдаған ислам діні анаға, әйелге ерекше мәртебе берді. Мұхаммед пайғамбардың миссиясы нәтижесінде ислам әйелдерге қарсы бағытталған барлық жағымсыз құбылыстар мен жалған түсініктерді теріске шығарған идеяларының барлығын нақты іске асырды. Бұл дін христиандықта айтылатын «бастапқы күнә» туралы түсінікті басқаша түсіндіріп, Хауа Ананы барша адамзаттың анасы ретінде қадір тұтты. Хауа-Ананы ғана емес, Хазірет Мәриям ана да шынайы ұлықталды. Құранда «еркектер» деп аталатын сүре болмаса да, «Ниса», яғни «Әйелдер» деп аталатын үлкен сүре бар. Және пайғамбардың соңғы қоштасу хұтбасында да әйелдерді қадірлеуді өсиет етіп кетті.

Осылайша, ислам әйелді мейірбан және асыл текті адам деңгейіне көтеріп, оны құқықтық қатынасында еркін және тәуелсіз тұлға етті. Мұхаммед Пайғамбар әкелген жаңалық пен оның өмірлік тәлімі әйел онтологиялық және құндылықтық тұрғыда еркектен еш төмен емес екендігін дәлелдеді. Ол еркектер мен әйелдерге ең алдымен ерекше өсиет берілген Алла тағаланың ең жоғарғы жаратылысы – адам ретінде қарады (Қараңыз. мысалы, Құран, Нахл сүресі (16), 97 аят; с Худжурат сүресі (49), 13 аят.). Оның үндеуі әйелге де, еркекке де бірдей тең дәрежеде бағытталды. Оның көрегендігіне сенген және оған рухани және материалдық көмек көрсеткен алғашқы адам әйел болды, оның сүйікті жұбайы Хадиша.

«Зат» деңгейіне дейін төмендетілген әйел, аяғының астында Жұмақ жатқан

Ана атанды (Ибн Маджа, Джихад, 12 (2781); Насаи, Джихад, 6 (3104); Аджлуни, Кашфуль-Хафа, 1/335.); ал қыздарына жоғары адамгершіліктік тәрбие берген ата-аналар жұмаққа баратын болды (Абу Давуд 165/49, Тирмизи.). Әйелдердің белсенді және нәтижелі түрде мұсылмандар қоғамының өміріне қатысуы туралы мысалдар өте көп. Мысалы, Елшінің әйелі Айша хадистану, тарих, астрономия, медицина саласында беделді болды, Пайғамбардың ең ірі серіктестерінің өзіне «пәтуа» (діни-құқықтық шешім) бере алды, көптеген шәкірттер өсіріп, тіпті армияны басқарды [10, 150 б.].

Мұхаммед Пайғамбар өз отбасына мейірімді, кішіпейіл және адал болғаны соншалықты, дәл мұндай отағасыны және жанұяның әкесін басқа ешқайдан таппайтындай еді. Алланың елшісі бір де бір рет отбасы мүшелерінің біріне қол көтеріп, ұрысқан емес. Көптеген жылдар Пайғамбарға көмектескен және қасында болған Анас бин Мәлік былай деген: «Мен Мұхаммед Пайғамбардай өз отбасына мейірімді болған ешкімді көрген емеспін» (Муслим, Фазаиль, 63; Муснад, 3/112). Елшінің әйелі Айша Алланың елшісінен мына хадисті жеткізеді: «Араларыңызда кім әйеліне (отбасына) жақсы (арақатынаста) болса, сол ең жақсысы» (Тирмизи, Рада, 11; Ибн Маджа, Никах 50).

Алла елшісінің әйелдері оны ең жарқын жүзді және ілтипатты күйеу ретінде сипаттайды. Мұхаммед Пайғамбар әйелдерімен әртүрлі мәселелерді талқылап, олармен кеңескен. Мысалы, Алла елшісі өзінің әйелі Умма Саямамен Пайғамбардың серіктестері қатты күйзелген өте маңызды мәселемен – пұтқа табынушылармен Худайбилік келісім жасап болғаннан кейін ары қарай не істеу керек екенін талқылаған (Бухари, Шурут, 15.). «Әйелдерің мен отбасы мүшелеріңе мейіріммен қараңдар» (Муслим, Фазаиль, 63; Муснад, 3/112.), «Жоғары өнегелі болған адам ең мықты діндар, ал жоғары өнегелі адам әйелдерге жақсы қарайды» (Тирмизи, Рада, 11) [11, 99-100 б.] деген хадистер, сондай-ақ, «Алдымен анаңды, анаңды, тағы да анаңды, одан соң әкеңді сыйла» хадисімен қатар, «Ең қайырлы

болғаныңыз, әйелдерге ең жақсы мәміле жасағандарыңыз болмақ», «Балаларды махаббатпен бағу, әйелдерге жақсы мәміле жасау - Исламның бармақпен басып көрсеткен ахлақ ережесі», «Жұмақ кілті ананың қадамы астында» және т.б. хадистер ислам діні әйелге қаншалықты құрметті орынды бергенін айқындайды. Кез келген қоғамның тірегі отбасы болғандықтан, оның берік болуы әйел адамдарға көбірек байланысты. Ислам діні отбасының беріктігіне ерекше назар аударады. Сондықтан шариғат заңында неке мәселесіне ерекше орында. Ислам ережелері, қазақ халқының салт-дәстүрімен бітеқайнасып, қолданылып келген.

Қазақстандық қоғамдағы діни жаңғыру және гендерлік саладағы заманауи үрдістер. Жиырмамыншы ғасырда қазақ елі дәстүрлі қоғамнан кеңестік модернизациядан өтіп, тәуелсіз мемлекетке айналып, бірнеше күрделі де ауыр трансформациялық кезеңдерді бастан өткізді. Кеңестік және одан кейінгі кезеңдерде гендерлік баланс мәселесі, яғни қоғамдық қызметтерді атқару барысында гендерліктегіне қарамастан байлық мен игіліктерге бір дәрежеде қол жеткізуі мәселесі көтерілді. Кеңестік тоталитаризм дәуірінде қырғын ашаршылықты, жаппай репрессияны және соғыс нәубетін бастан кешіріп, орасан зор адами ресурстық шығынды бастан кешірсе де қазақ халқы табиғи өсімінің қарқынына орай демографиялық ахуалын түзеп тәуелсіздікке табан тіреді. Қазақстан халқының тең жартысынан астамын әйелдер құрады, олар әлеуметтік өмірге белсене тартылды, әсіресе, мәдениет пен бизнес, білім мен ғылым саласында жұмыс істейтін әйелдердің үлес салмағы тез артты [12].

Тәуелсіз Қазақстандағы ең ықпалды заманауи үрдістердің бірі социалистік жүйеден нарықтық қатынастарға өту барысындағы құндылықтардың алмасуы болды. Әсіресе атеистік қоғамнан діни жаңғыру кезеңіндегі фактордың гендерлік мәселеге, отбасы мен әйел мәртебесіне тигізген әсері зор болды. Діни ықпалдың жеке адамға, отбасы тобына да, қоғамға да қатысты жағымды да, жағымсыз тұстары болды. Қазақстандықтар тек әл-

ауқаттық қана емес, сонымен қатар, отбасы мәселесіне аса мән беретін мәдени, рухани ізденістерге толы бірегейлік үрдістерге белсенді қатысты. Соның нәтижесінде Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдарынан бері қазақ отбасы діни сипаты жағынан өзгерістерге түсті, отбасы институты зайырлы келбетін сақтап қалғанымен, діни тұрғыда барынша өзгеріске ұшырады [13], мысалы: барлық отбасы мүшелерінің діни өмір сүру бағытын таңдады; отбасында зайырлы мен діни дәстүрдің араласып кетті; отбасында ішінара діни конверсия орын алды. Орташа есеппен қазақстандық отбасылардың 30%-ы өздерін толығымен зайырлы отбасылардың қатарына жатқызады. Бұл сандық көрсеткішті этностық тұрғыдан ашып көрсетсек, басым бөлігі қазақ ұлтының, ал қалғандары өзге ұлттың өкілдері болып шығады. Жас және егде жастағы респонденттердің зайырлы менталитетке деген бейімдерінің төмендігі байқалса, орта жастағылардың басым бөлігі өздерін зайырлы отбасы ретінде санайды. Гендерлік көрсеткіші жағынан, қазақстандық ер-азаматтардың зайырлы өмір салтына бейім екендігі байқалады.

Конфессиялардың ішінде ислам діні басым рөлде. Жас көрсеткіші жағынан исламға бет бұрған жас отбасылардың пайызы жоғары. Қазақ отбасыларының қатарында діндар отбасылардың саны көп, ал орыс отбасыларының саны аздау. Діни тұрғыдағы қазақстандық отбасының өзгеруі – ол қоғам діліндегі терең дүниетанымдық өзгерістердің болып жатқандығының дәлелі және діни бағдардағы қазақстандық отбасының зайырлы мемлекетпен өзара қарым-қатынасының үлгісін жасау мәселесін алға тартты.

Отбасының діни өмір салтын ұстануды қабылдауы руханилыққа деген қажеттілік, этномәдени дәстүрге қайта оралу сияқты қалыпты жағдайлармен байланысты болса, зайырлы және діни салттардың араласып кетуі материалды тұтыну идеалына басымдық беретін зайырлы бағдарлар мен құндылықтар жүйесіне деген қанағатсыздықтан, сонымен қатар, бұрынғы дүниетанымдық бағдарлардың жойылуынан болады. Көпшілік діни сенімді отбасын

біріктіруші фактор деп есептейді, өйткені дін отбасындағы қайырымдылық, төзімділік, өзара түсіністікке әкелетін қолайлы, рухани-өнегелі жағдайды қалыптастырады [13].

«Гендерлік және діни бірегейлікке қатысты көптеген қарама-қайшылықтар орын алғанын жоққа шығаруға болмайды. Құндылықтардың қайта бағалануы аясында отбасы құрылымын гендерлік тұрғыдан «қайта құру» үрдісі жүзеге асырылып жатты, отбасы ұжымындағы гендерлік рөлдер мен билік өкілеттілігі бөлініске түсті. Бастапқы кезде бұл екі үрдіс бір-біріне мүлдем сәйкес келмеуі мүмкін, бірақ гендер теориясы мен гендерлік теңдіктің түсіндірмесі қағидаттарына сүйенсек, отбасы үлгісінің трансформациясын гендерлік және діни тұрғыдан қалыптастыратын осы екі үрдіс бірін-бірі толықтырып отырады. Мұны бүгінгі күнгі қазақстандық отбасының жағдайы дәлелдейді» [13, 103 б.].

Көптеген қазақстандықтар дінді азаматтық қоғамның маңызды факторы ретінде жете түсіне қойған жоқ. Діндарлық әлі де отбасының жеке мәселесі ретінде ғана қарастырылып жүр. Қазақстандық отбасылардың діндарлығының өсуі қоғамдағы төзімділіктің көрсеткішіне де әсер етеді. Дінге бет бұрғандардың басым бөлігі діни бірегейлікті азаматтық қоғам мен зайырлылық құндылықтарына қарсы қоймайды, қайта дін саласын қазақстандық бірегейлікпен қатар қарастырады, бұны өз кезегінде жағымды үрдіс деп бағалауға да болады.

«Қазақ менталитетіндегі өзге мәдени дәстүрге (дінге де) деген төзімділік таныту дәстүрінің жағымды да, жағымсыз тұстары бар. Отбасындағы діни конверсияға байланысты жаңа болмысты туындатады. Төзімділік парадигмасы қазақстандықтардың діліне барынша сіңген, бұл мәдени-тарихи тұрғыдан, бұрынғы саяси әлеуметтенуімен байланысты. Қазіргі таңдағы демократиялық институттар алға тартып жүрген төзімділік қағидаттары Қазақстан үшін жаңашыл және ғылыми, үгіт-насихаттық, мемлекеттік, қоғамдық тұрғыдан әлі де жетілдіруді қажет етеді. Діни бірегейлік тұрғысынан төзімділік қағидаттары

мәдени-тарихи тәжірбиеде жоқ дәстүрлі емес сенімді қабылдауға әсер етіп, тек қана жеке индивидке қатысты ғана емес, отбасы мен қоғам құндылықтарын да жоюға әкелетін этнодіни өзгерістерге әкелуі мүмкін» [13, 103 б.].

Философия, саясаттану және дінтану институтының жүргізген зерттеулерінде жастар мен егде жастағылардың дінге бейім келетіндігі анықталды. Аға ұрпақ өмірлік тәжірбиесі барысында идентификациялық стратегияларды игеріп үлгерген болса, жас отбасылар осы бірегейлікті іздестіру жолында. Дәл осы жас отбасылардың жалған діни идеялардың енуіне, әсер етуіне, әсіресе, елімізге дәстүрлі емес діни дүниетанымның келуіне қарсы тұрарлықтай қауқарлары жоқ. Сондықтан тек отбасы тәрбиесі ғана емес, мектеп пен жоғары оқу орындарында дінтану пәнін қалай беру керектігі де өте маңызды [14].

Әрине, бұл жағдай отандық дінтану ғылымына белгілі бір міндеттер жүктейді, діни ахуалды ғылыми тұрғыдан негіздеп, оның рухани негізі мен әмбебап сенімнің маңыздылығын алға тартатын, поликонфессиялы білімге бағдарланған дүниетанымдық парадигмалар мен әдіснамалық қағидаттарын ойластыру қажет.

Қорытынды

Мақаланың түйінін соңғы кездері қызу пікірталасқа айналған мұсылман әйелдерінің киімі – хиджаб немесе никаб мәселесімен бітірейік. Таяу Шығыстың мұсылман қоғамдарындағы әйелдердің қымтанып киінуі олардың құқығы мен мәртебесін кемсітушілік деген еуропалықтардың (шындығына келгенде, еуропалық қоғамның өзінде әйелдер он сегізінші ғасырға дейін қымтанып киінді) таптауырынды пікірінің астарында тек форма емес, модернизмнің метафизикасы да жатыр [15]. Отаршылдардың бұл ориенталистік (ориентализм шығыстық қоғамды объективті түсінуге ұмтылған парадигма болғанымен, оның алғышартын шығыстық мәдениеттің толыққанды дамымағандығын меңзейтін өктемдік құрайды) «көзқарастарын» (шын мәнінде ислам діни бойынша әйелдердің қоғамдық көпшілік орындар-

да әуретті жерді жауып киіну осындай сұқ «көзқарастардан» сақтануды білдіреді) жергілікті элита тез қабылдап, хиджабтан артта қалушылықты көре бастады. Батысты тез арада «қуып жету» үшін оларға хиджаб бірінші мәселеге айналды. Шығыстың әйелдерін шешіндіріп «көре» алмаған еуропалықтар жамылғыға қарсы науқанды барлық ақпарат құралдары арқылы өрістетіп жіберді. Осылайша, жабық мұсылман киім үлгісі қанаушылықтың белгісі әрі лаңкестік, зорлық-зомбылық, жабайылық пен артта қалушылық тәрізді ислам фундаментализмінің шартты көрінісін білдірді. Одан исламның «тұмшаланған қаупін» көрсетті.

Батыстың көпке танымал феминистері (Орбах, Бордо, Вольф, Ашер, Маккин-нон, Дворкин және т.б.) әйел тәнінің сұлулығымен ерлердің көз қалауын қандыру арқылы объективтендіруді жаппай насихаттайды. Бұл капиталистік мәдениеттегі әйел тәні жарнамада, порнографияда, өнер мен кино туындыларында пайдалану арқылы коммерциалдандыруды білдіреді. Сондықтан қазіргі кездегі хиджаб немесе никаб кию арқылы қымтану бұл тек өзінің ұлттық және діни ғұрпы мен бірегейлігін білдіріп қана қоймай, адам тәнін саудаға салуға жол берген батыстық материалистік тұтынушылық мәдениетке қарсылықты білдірсе керек. Демек, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамда бұл субмәдениеттің ұстанымдары қудаланбай, адамның ажырамас табиғи құқықтарының бірі ретінде заңмен қорғалуы керек.

Қаржыландыру

Мақала «Исламдағы гендерлік теңдік: ислам феминизмі және дәстүршілдік» (ЖТН №АР19676979) гранттық қаржыландыру аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 жарлығы // [Электронды ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000384>

(Қаралған күні: 03.09.2023)

2 Банзаров Д. Черная вера или шаманство у монголов. – Казань, 1846. – 128 с.

3 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Алма-Ата: Издательство Академии Наук Казахской ССР, 1961. – Т. I. – 776 с.

4 Мыңжанұлы Н. Қазақтың мифтік аңыздары. – Үрімжі: Шыңжан халық баспасы, 1996. – 193 б.

5 Metin Ergun. Turk dunyasi efsanelerinde degisme motifi. II Cilt. – Ankara, 1997. – 919 s.

6 Қазақтың мифтік әңгімелері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 320 б.

7 Калдаева Бану Станбековна. Қазақтың философиялық дүниетанымындағы әйел феномені. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. 2022 жыл.

8 Фабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің типологиясы: Мәдениеттану оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 203 б.

9 Esposito J., Yvonne Y. H. Islam, Gender, and Social Change. – New-York and Oxford: Oxford University Press, 1997. – 259 p.

10 Сатершинов Б.М., Жүзей М.А. Ислам және қазақтың дәстүрлі мәдениеті: инклюзивті дүниетүсінік // *Абай атындағы ҚазҰПУ, ХАБАРШЫ «Әлеуметтік және саяси ғылымдар» сериясы.* – 2017. – №4 (60). – 146-150 бб.

11 Сатершинов Б., Жүсіпбек Ғ. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы исламның қазіргі түсіндірмесі // Қазақстанның тарихи және рухани-мәдени дамуындағы діннің рөлі: дәстүр және қазіргі заман. Ұжымдық монография. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2016. – 77-114 бб.

12 Деловые женщины Казахстана. – Алматы, 2002. – 345 с.

13 Соловьева Г.Г., Булова Е.Е. Казахская семья как базовая ценность общества: состояние и тенденции развития. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – 196 б.

14 Қазақстандық отбасындағы діни құндылықтар (әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша). – Алматы: ФСДИ, 2015.

15 Баллок К. Женщина и хиджаб: вызов историческим и современным стереотипам / пер. с англ. Т. М. Ястремской. – СПб.: Петербургское Востоковедение, 2021. – 32 с.

Transliteration

1 Qazaqstan Respublikasyndagy 2030 zhylyga dejingi otbasylыq zhane genderlik sajasat tuzhyrymdamasyn bekitu turaly QR Prezidentinin 2016 zhylygy 6 zheltoqsandagy № 384 zharlygy [On approval of the Concept of family and gender policies in the Republic of Kazakhstan until 2030. Decree of the President

of the Republic of Kazakhstan dated December 6, 2016 No. 384.] // [Jelektrondy resurs] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000384> (Qaralghan kuni: 03.09.2023) (in Kaz)

2 Banzarov D. Chernaja vera ili shamanstvo u mongolov [Black faith or shamanism among Mongols]. – Kazan', 1846. – 128 s. (in Russ)

3 Valihanov Ch.Ch. Sobraanie sochinenij v pjati tomah [A collection of essays in five volumes]. – Alma-Ata: Izdatel'stvo Akademii Nauk Kazahskoj SSR, 1961. – Т. I. – 776 s. (in Russ)

4 Mynzhanuly N. Qazaqtyn miftik anyzdary [Kazakh mythical legends]. – Urimzhi: Shynzhan halyq baspasy, 1996. – 193 b. (in Kaz)

5 Metin Ergun. Turk dunyasi efsanelerinde degisme motifi [The motif of change in Turkish world legends]. II Cilt. – Ankara, 1997. – 919 s. (in Turkish)

6 Qazaqtyn miftik angimeleri [Kazakh mythical stories]. – Almaty: Gylym, 2002. – 320 b. (in Kaz)

7 Kaldaeva Banu Stanbekovna. Qazaqtyn filosofijalyq dunietanymyndagy ajel fenomeni [The female phenomenon in the Kazakh philosophical worldview]. Filosofija doktory (RhD) gylymi darezhesin alu ushin dajyndalghan dissertacija. 2022 zhyly. (in Kaz)

8 Gabitov T.H. Qazaq madenietinin tipologijasy: Madeniettanu oqu quraly [Typology of Kazakh culture: Cultural studies textbook]. – Almaty: Qazaq universiteti, 1998. – 203 b. (in Kaz)

9 Esposito J., Yvonne Y. H. Islam, Gender, and Social Change. – New-York and Oxford: Oxford University Press, 1997. – 259 p.

10 Satershinov B.M., Zhuzej M.A. Islam zhane qazaqtyn dasturli madenieti: inkluzivti dunietusinik [Islam and Kazakh traditional culture: an inclusive worldview] // *Abaj atyndagy QazUPU, HABARShY «Aleumettik zhane sajası qylymdar» serijasy.* – 2017. – №4 (60). – 146-150 бб. (in Kaz)

11 Satershinov B., Zhusipbek G. Dasturli qazaq qogamyndagy islamnyn qazirgi tusindirmesi [The modern interpretation of Islam in the traditional Kazakh society] // Qazaqstannyn tarihi zhane ruhani-madeni damuyndagy dinnin roli: dastyr zhane qazirgi zaman. Uzhyrmydyq monografija. – Almaty: QR BGM GK Filosofija, sajasattanu zhane dintanu instituty, 2016. – 77-114 bb. (in Kaz)

12 Delovye zhenshiny Kazahstana [Business women of Kazakhstan]. – Almaty, 2002. – 345 s. (in Russ)

13 Solov'eva G.G., Burova E.E. Kazahstanskaja sem'ja kak bazovaja cennost' obshhestva: sostojanie i tendencii razvitija [Kazakhstani family as a basic value of society: state and development trends]. Pod obshh. red. Z.K. Shaukenovoj. – Almaty: QR BGM GK FSDI, 2013. – 196 b. (in Russ)

14 Qazaqstandyq otbasyndagy dini qundylyqtar (aleumettanulyq zertteu natizheleri bojnsha) [Religious values in the Kazakh family (according to the results of sociological research)]. – Almaty: FSDI, 2015 (in Kaz).

15 Ballok K. Zhenshhina i hidzhab: vyzov istoricheskim i sovremennym stereotipam [Women and hijab: a challenge to historical and modern stereotypes]. – SPb.: Peterburgskoe Vostokovedenie, 2021. – 32 s. (in Russ)

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Бақытжан Меңлібекұлы Сатершинов

бас ғылыми қызметкер, профессор, философия ғылымдарының докторы, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, bakhyt-zhan@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5094-9682>

Лаура Ниязбекқызы Тоқтарбекова

жетекші ғылыми қызметкер, PhD, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, lauratoktarbekova@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-4063-8255>

Айгүл Темірханқызы Әбдіраманова

философия ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан, abdiraman75@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8995-1619>

Бахытжан Менлибекович Сатершинов

главный научный сотрудник, профессор, доктор философских наук, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, bakhyt-zhan@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5094-9682>

Лаура Ниязбековна Токтарбекова

ведущий научный сотрудник, PhD, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, lauratoktarbekova@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-4063-8255>

Айгуль Темирхановна Абдраманова

кандидат философских наук, Кызылординский университет имени Коркыт ата, Казахстан, Кызылорда, abdiraman75@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8995-1619>

Bakhytzhane Satershinov

Chief Researcher, Professor, Doctor of Philosophical Sciences, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, bakhyt-zhan@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5094-9682>

Laura Toktarbekova

Leading Researcher, PhD, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, lauratoktarbekova@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-4063-8255>

Aigul Abdramanova

Candidate of Philosophical Sciences, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kazakhstan, Kyzylorda, abdiraman75@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8995-1619>